
The book cover features a central illustration of a man in a military uniform running through a field. In the background, a propeller airplane flies in the sky. The scene is framed by green leaves and purple flowers. A dark red banner at the top right contains the author's name. The title is written in a stylized white font within a white curved frame. At the bottom, an open book is visible, surrounded by more greenery and flowers.

Гүлнәр
ДЕМЕУОВА

ЖАПЫРАК
—
ҒҰМЫР

Гүлнәр
ДЕМЕУОВА



ЖАПЫРАҚ – ҒҰМЫР

*Поэма, өлеңдер,
қосымшалар*



«Тоғанай Т»

Алматы

2023

ӘОЖ 821.512.122-1
ББК 84 (5Қаз)-5
Д 29

Д 29 Демеуова Г.
Жапырақ-ғұмыр: поэма, өлеңдер, қосымшалар
/Гүлнәр Демеуова. – Алматы: «Тоғанай Т», 2023.
– 64 + 4 бет жапсырма.

ISBN 978-601-7626-73-0

Ақын Гүлнәр Демеуованың бұл еңбегінде Кеңес Одағының Батыры, 28 панфиловшылардың бірі Нұрсұлтан Есеболатовтың туғанына 110 жыл толуына орайластырып жазған, бұрын жарық көрмеген «Жапырақ-ғұмыр» поэмасы енгізіліп отыр. Сонымен қатар, батырға арналған өлеңдері, ғылыми, әдеби, архивтік қосымшалар берілген.

ӘОЖ 821.512.122-1
ББК 84 (5Қаз)-5

ISBN 978-601-7626-73-0

© Демеуова Г., 2023
© «Тоғанай Т», 2023

Алғысөз

«Өткенге топырақ шашсаң, болашақ саған тас атады» деген даналар ұлағатымен өмір сүрген халықпыз, сондықтан өткеннің ұлағатына құрметпен қарайық, зерделей білейік, өткеннен сабақ алайық. Қолыңыздағы кітапша жеңіл болғанымен, қазіргі жаңа Қазақстанымызда өсіп келе жатқан әлемге, дүниеге басқаша көзқараспен қарайтын, жүректерінде ұлттық рух бар жастарымызға айтар салмақты ойы бар деп ойлаймын.

Жапырақ-ғұмыр поэмасында Кеңес Одағының батыры, 28 панфиловшылардың бірі, соғыс даласында ерлікпен қаза тапқан Жетісу жерінің тумасы, даңқты жер-



лесіміз Нұрсұлтан Есеболатовтың өмірі, өмірдегі орны, тіршілігінің мән-мағынасы жайлы толғанамыз. Шынымен адам өмірі бар болғаны жапырақтай ғана болғаны ма?! Көктейді, құлпырады, сарғаяды, үзіліп түседі, өмірден өз бақытын іздеген жапырақ-ғұмыр тағдыры үшін кімдерді жазғырмақ?! Қарашада қалтырап үзіліп түскен жапырақтай қысқа ғұмыр кешіп, бала кезінен-ақ батыл, шымыр, алғыр, айналасына сүйкімді болып өскен тарихи тұлғаның ғұмырнамасы туралы көркем туынды жазуды сол батыр туып-өскен топырақты кешіп, батыр атындағы мектепте білім алып өскендіктен батыр алдындағы перзенттік парызымның өтеуінің бір бөлшегі болар деп санадым.

Жер бетінде қазақ халқындай қасірет көрген халық жоқ шығар?! Халқымыз үшін кеңестік дәуір тарихи бағасы берілмеген қасіретті кезеңге толы. Арғы-бергі тарихымызды айтпағанның өзінде, 1931-1933 жылдардағы ашаршылық, 1941-1945 жылдардағы фашизмге қарсы соғыс қазақтарға зор қасірет әкелді. Ұлы Отан соғысының шежіресі мыңдаған ұлдар мен қыздардың қанымен жазылған қасиетті тарих. Бұл шежіре аласұрған фашизмнің ашкөз қорқаулығы, қандыбалақ қиянаты, бейбітсүйгіш адамдардың баға жетпес қажыры мен қайраты, ерлігі, елдік намысы жыр болған өшпес тарих. Қолыңыздағы осы кітапша да Ұлы Отан соғысында қаза тапқан



даңқты жерлесіміз Нұрсұлтан Есеболатовтың ерлігін дәріптеп, келер ұрпақтың санасына сіңіру мақсатында жазылды. Өйткені, Отанымыздың шежіресінде, біздің жүрегімізде батырымыздың есімі мәңгі жасай береді.

Үсітіміздегі жылы Кеңес Одағының батыры Нұрсұлтан Есеболатовтың туғанына 110 жыл толмақ. Батырдың рухына тағзым етіп, есімін асқақтатып, жастардың санасында жаңғырту мақсатында әр жылдарда жазылған екі өлеңіммен қатар ауылымыздан шыққан танымал композитор қызымыз Жанар Қожағазинамен бірлесіп, біріміз сөзін, біріміз әнін жазған «Ер есімі – мәңгілік» атты туындымыздың мәтіні осы кітапшада беріліп отыр. Ерліктің ғұмыры өлшеусіз, мәңгілік. Сондықтан да туған ауылында, ауданында батырдың мерейлі жылы аталып өтетіндігі шүбәсіз. Өйткені, отты жылдарда от кешіп өмірін қиған есіл ердің есімі ел есінде мәңгі сақталуы тиіс.

Нұрсұлтан Есеболатов сынды ұрыс даласында қан жұтып, қыршыннан қиылған боздақтар да, жеңіс жалауын жер үстінде желбіреткен жауынгерлер де бізге бірдей қымбат. Алматыда жасақталған генерал-майор И.В.Панфилов басқарған, құрамында біздің даңқты жерлесіміз Нұрсұлтан (Нарсұтбай) Есеболатов бар 316-атқыштар дивизиясы Мәскеу түбіндегі Волоколамск тас жолын қорғады. Қазақстандық жауынгерлер

соғыс тарихында сирек кездесетін ерлік жасап, жаудың болат құрсанған машиналарына төтеп берді. 16-18 қараша 28 панфиловшыларға өте ауыр тиді. Жау өз шығынымен санаспай, қалай да Мәскеуге жол ашу үшін жанталасып, танкілерін үсті-үстіне төгіп бақты. Осы үш күнде Панфилов дивизиясының даңқы шарықтап кетті. Бұл күні 28 батыр ғана емес бүкіл дивизия қан жұтты. 28 панфиловшылардың 23-і қазаға ұшырады, бірақ жау танкілері олардың шебінен өте алмады. Иә, есіл еріміз Нұрсұлтан Есеболатов ерлікпен қаза тапқан 1941 жылдың 16 қарашасындағы Мәскеу түбіндегі шайқас Ұлы Отан соғысы тарихында алтын әріптермен жазылды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1942 жылғы 21 шілдедегі Жарлығымен бұл жауынгерлердің барлығына Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Олардың есімдерін білу, Нұрсұлтан Есеболатов туған топырақта өмірге келгенімізді кеудені кернеген мақтанышпен айта білу сіз бен біздің парызымыз. Ержүрек ерлеріміздің ерліктеріне тағзым ету және өскелең ұрпаққа таныта білу мақсатында Алматы қаласында 28 панфиловшыға арналған ескерткіш орнатылған. Саябақ Даңқ мемориалымен және Мәңгі алауымен танымал. Ұлы ерлік және даңқтың мемориалы Ұлы жеңіске 30 жыл толу мерейтойы қарсаңында 1975 жылдың 8 мамырында Отанымыздың тәуелсіздігін, бостандығын, абыройын қорғағандарға арнап



құрылған. Батырлардың есімімен аталатын мектеп, ауыл, аудан, көше, саябақтар да бар. Оның бірден бір дәлелі ретінде Жетісу облысының Ақсу ауданындағы Нұрсұлтан Есеболатов атындағы ауылды, сол ауылдағы Нұрсұлтан Есеболатов атындағы орта мектепті және сол ауылдағы Нұрсұлтан Есеболатов атындағы көшені айта аламыз.

Отан үшін от кешкен ерлеріміздің ерлігі өлмейді, ол жылдар өткен сайын қайта жаңғырып, адамзат зердесіне орала береді. Ерлікті қастерлеген еңбек болғандықтан, осы кітапшадағы қосымшада бұрынғы Октябрь колхозы, кейіннен Діңгек совхозы, қазіргі Нұрсұлтан Есеболатов ауылынан соғысқа аттанып, қанды майдан даласында қаза тапқан боздақтардың тізімін және соғыстан елге аман-есен оралған ата-әкелеріміздің тізімін ретке келтіріп, толықтырып беріп отырмыз. Бұл тізімдерді берудегі мақсатымыз – болашақ ұрпақтың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жерлестерінің асқан ерліктерін, қажымас еңбектерін ұмытпай, олардан үлгі алып, өз еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін, махаббатын, патриоттық сезімін ояту. Өйткені, ел ардақтаған ерлердің есімдері мәңгілік бізбен бірге болмақ. Туған елге аман-есен оралғандардың тізімінде біздің әкеміз Демеуов Тұрсынбайдың да аты-жөні жазылған. Әкеміз 1925 жылы туған, 1943 жылы 10 ақпанда Ақсу аудандық әскери комиссариатына шақыры-

лып, еліміздің шығыс шекара шебін жаудан қорғауға жіберіледі. Соғыс аяқталған соң Жапондарға қарсы соғысқа қатысып, Жапония толықтай капитуляцияға ұшырағаннан кейін 1949 жылы елге аман-есен қайтып оралады. 1979 жылы өмірден өткенге дейінгі аралықта Қарағанды агротехникумын, Жоғарғы партия мектебін бітіріп, туған ауылында, көрші ауылда, аудан орталығында қызметтер атқарған. Анамыз Тәттібайқызы Айнижамал (Әйетай) екеуі 8 баланы өмірге әкелген. Бүгінгі күні ұрпақтары өсіп-өніп, білім алып, бейбіт өмір сыйлаған майдангерлердің арқасында бақытты өмір сүріп жатыр. Балалары үшін әкеміз отансүйгіштіктің, туған жерге, ата-анаға деген адалдықтың шамшырағы болып қала бермек.

Бүгінгі бейбіт күнімізге майдангерлермен қатар тыл еңбеккерлерінің де қосқан үлесі зор. Майдан мен тылдың бірлескен қимыл-әрекеті ұлы Жеңісті әкелді. Соғыс басталғаннан-ақ “Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!” деген ұранмен соғысқа аттанған ерлердің орнын әйелдер, қариялар мен балалар алмастырды. Ауылымызда осындай жанкешті еңбек еткен адамдарымызды зерделеп, жинақтау арнайы ізденісті қажет етеді. Әлі күнге ел көкейінен сол бір жылдардың ізі өшкен жоқ. Сондай-ақ, ауылымыздан арнайы әскери комиссариатқа шақырылып, тылда еңбек еткен апаларымыз да бар. Мәселен,



Мырзатаева Қанымбике апамыз Сталинградты қалпына келтіру жұмыстарында ерлермен тең еңбек еткен. Ал, Манаханова Бижамал апамыз теміржол салу жұмыстарында нәзік қолдарымен шойындарды орнатуға атсалысты. Жолдыбаева Балкен апамыз Ақмола іргесінде майданға қару-жарақ дайындау жұмыстарында істеп, 5 кг-нан 25 кг-ға дейінгі снарядтарды дайындаған екен. Сол кездегі өрімдей жас қыздардың еңбегі нағыз ерлікпен пара-пар еді ғой. «Майдан», «тыл» деген жай аты ғана. Әйтпесе, бірі мылтықты, бірі мылтықсыз – екеуі де жанкешті шайқас болды емес пе?!

Жеңіс жолында төгілген қан біздің санамызға бейбітшілік үшін күрес ниетін ұялатып, қаза болғандардың орындалмай кеткен армандарын, өсиеттерін ақтауға бастайды. Сондықтан да бүгінгі ұрпақ өткен тарихын, халқымыздың бастан кешкен қиындықтарын ұмытпауы керек.

Автор

ЖАПЫРАҚ – ҒҰМЫР

(Поэма)



Жапырақ – ғұмыр

(поэма)

*(Кеңес Одағының Батыры, 28 панфиловшы-
гвардияшылардың бірі, даңқты жерлесіміз
Нұрсұлтан Есеболатовтың туғанына
110 жыл толу құрметіне арналады)*

Қарсы алып таңын арайлап атқан,
Несібе-ырыс сұраған хақтан.
Кішкентай ғана момақан ауыл,
Қарасу бойын жағалай жатқан.

Тілейтін бірі-бірінің бағын,
Асыра айтар жақсылық жағын.
Ұл туды деген тарады лезде,
Сүйінші хабар ауылға шағын.

Орындап парыз-міндетін ана,
Өмірге келді іңгәлап бала.
Мейірім төгіп, күн сипап басын,
Құшағын ашты кең байтақ дала.



Ананың нәзік тымыры иіп,
Әкенің көкке төбесі тиіп.
Қолына алып жасады дұға,
Шақалақ ұлдың маңдайын сүйіп.

– Терекке біткен жапырақ, жаным,
Жолыңда сенің садақа малым.
Жігерлі, батыл, төзімді ер бол,
Қиналсаң суға кетпесін салың.

Кеудеде шаттық, орын жоқ мұңға,
Сүйсіне қарап толағай ұлға.
Есімін әке Нұрсұлтан қойды,
Еліне қорған болсын деп тұлға.



Көк шалғын қырда қозы-лақ бағып,
Алаңсыз өтті балалық шағы.
Алғыр боп өсті өмірге құштар,
Білуге ынтық беймәлім жағын.

Балалық өтіп, жігіттік жеткен,
Жүректен нұрлы бүр жарды көктем.
Көрсек де күнде көруге ынтық,
Көршінің қызы Ғайшаны көптен.

Сезімін қызға айтпады бірақ,
Ұнатпай қалса кетер деп жырақ.
Келер деп сәті сабырға салды,
Кеудеге жағып үміттен шырақ.



Қыз-жігіт бірге өткізіп күнін,
Қызықтап жаздың жұлдызды түнін.
Саялап бір сәт әңгіме құрар,
Жапырақ жайған қайыңның түбін.

Жастардың шашқан жүзінен шуақ,
Дәуренге қызық ақ қайың куә.
Өткеншек теуіп, ақсүйек ойнап,
Тарқасқан кезде Шолпан да туар.

Қызыққа толы күндердің бірі,
Нұрсұлтан айтты досына сырын.
Қуақы досы қалжыңдай айтты,
– Өзіңді таныт сөз айтпас бұрын.



Қойтасты көтер жетеді күшің,
Бұзылып кетті неліктен түсің?
Отқа да суға түседі адам,
Шын ғашық болса махаббат үшін.

– Жайым жоқ ерер ойыңа қосқан,
Қиялдай берме әуре боп босқа.
Әзілмен түйреп, алмасып кезек,
Қағытып алды бір-бірін достар.

Жайлады ыстық шіліңгір шілде,
Бір тамшы көктен тамбады мүлде.
Тасаттық беріп жаңбырды тілеп,
Қараумен ел жүр аспанға күнде.



Басылмай аптап береке қашты,
Бір шөкім бұлт жоқ жұрт қатты састы.
Аптапқа шыдас бермеді дала,
Лап етіп алқап, қызыл өрт басты.

– Жәрдемдес, халқым, қойымды құтқар,
Күшейген оттың түрі жоқ тоқтар.
Түтігіп кеткен әкесін көріп,
Жүгірді Ғайша су алып отқа.

Өзеннен тасып шелектеп суды,
Қаулаған өрттен құтқармақ нуды.
Өршіген өрттің жалыны шарпып,
Әдемі жүзін ащы тер жуды.



Дүркірей жанды шілік, ши, қамыс,
Жігіттік жалын кеудеде намыс.
Нұрсұлтан бастап жолдасы қостап,
Сөндірмек өртті жайылған алыс.

Көмектен сырттап қалған жоқ адам,
Жалыннан сақтап ауылды аман.
Тілсіз жау елді әуреге салды,
Айналып дертке дауасы жаман.

Жамырай қашып шулаған малды,
Жігіттер өрттен шығарып алды.
Үйездеп қалған қойларды кезек,
Нұрсұлтан алып мойнына салды.



Батырдай еді тумысы мықты,
Тұншықса дағы аман-сау шықты.
Жабылып ауыл қойсын ба жанын,
Біртіндеп сөніп тілсіз жау ықты.

Ес жиды ауыл өтті күн сырғып,
Өтуде жаз да зымырай зырғып.
Көтерген қойды Нұрсұлтан жайлы,
Айтып жүр ауыл жарыса жыр ғып.

Жолдасы келіп арқадан қақты,
– Айтпап па ем саған амалын таптың.
Махаббат шіркін, жасатар бәрін,
Мен білсем осы сен қызға жақтың.



Жарайсың, досым, жігітсің мықты,
Өңгеріп қойды ерледің тіпті.
Сезімді білдір, құп алар Ғайша,
Болмасын күмән жүрегің күпті.

– Қиял мен қызыл тұлкіні ілгем,
Дәулеті басым қыз жайын білгем.
Тең теңімен деп айтпаушы ма еді,
Қолымыз қысқа, дүние-ай, бір кем.

Кедейлік кейпі жанына батты,
Нұрсұлтан жүдеп, қиналды қатты.
«Кейін», деп қысқа қайырды досқа,
Алмасып кезек күн өтіп жатты.



Жаз өтті, күздің аспаны сұсты,
Жауынмен бірге жел тұрды күшті.
Дірілдеп қайың салбырап бұтақ,
Саудырап жерге жапырақ түсті.

– Тоналған ағаш, бұл қандай азап,
Көрініс қайда кешегі ғажап?
Сүреңсіз күзге налыды жігіт,
Жүрегі жұмсақ көңілі таза, ақ.

Кең байтақ мынау сүйікті өлкем,
Жайнаған жарқын жазымен көркем.
Неліктен мұңға толады жаным,
Үзіліп түскен жапырақ көрсем.



– «Өмір ғой», – деді, байыппен Ғайша,
– Бәрі де өтер дәурені тайса.
Алмасып тұрар заңдылық солай,
Солады күзде жаз желек жайса.

– Жүйрік-ау, шіркін, бәрінен көңіл,
Солмаса жасыл желекті өңір.
Құдірет күші қолымда болса,
Сыйлар ем мәңгі үзілмес өмір.

Сынаптай сырғып күн өтіп жатты,
Қайғының бұлты аспанды жапты.
Қалдырмай тұяқ әкетпек малды,
Дәрменсіз халық күйзелді қатты.



Ауылды сұмдық суық сөз кезді,
Нәубеттің жайын бүкіл ел сезді.
Кәріден-жастан тыныштық кетті,
Жеткендей мезгіл жұматын көзді.

Аждаха жұтты үреймен тосып,
Адамдар зарлай жүргенде босып.
Ғайшаның үйі кетіпті көшіп,
Аяусыз аштық кәрінен шошып.

Үміттің оты біржола сөнді,
Нұрсұлтан тағдыр сынына көнді.
Көнбеске амал-айласы да жоқ,
Жалмауыз аштық төбеден төнді.



Ананың жасқа етегі толды,
Қырылды кәрі, жас көктей солды.
Махаббат, сезім адыра қалды,
«Байталың түгіл бас қайғы» болды.

Жабылды нақақ, жеңдеттен жала,
Азапқа сойқан куә боп дала.
Аштықтың салған заһарын татып,
Түсінде ғана нан көрді бала.


Нәубеттен қалу мүмкін бе тірі?!
Шыдады әрең тек жаны сірі.
Қасірет болды сол мешін жылы,
Әкелген елге қайғыны ірі.



Біртіндеп жылу елге де жетті,
Азапты күндер келмеске кетті.
Нұрсұлтан бірақ ұмытар емес,
Жүрекке түскен дауасыз дертті.

Қанды көз жеңдет – аштықтың атын,
Жойсын деп мүлде кімге айтар датын?!
Қажыған жігіт, тоналған арман,
Жоғалтқан қымбат ең асыл затын.

Өмір мен өлім көрсеткен егес,
Өткен күн – жаның түршігер елес.
Аштықта жеген құйқаның дәмін,
Сөзбенен айту еш мүмкін емес.



Жоқшылық қысып күнелтті зорға,
Жұмыс жоқ күрек ұстатар қолға.
Жетімдік пенен жалғыздық қинап,
Дәрменсіз күйде жиналды жолға.

Жиналды жолға көңілі жүдеу,
Бір өзі жалғыз, өмір де біреу.
Алдағы күнге күдік пен үміт,
Қай жаққа өзін апарар сүрлеу?

Елжірер жаның мейірім қайда,
Нұрсұлтан түпсіз зіл-батпан ойда.
Бетке алған бағыт Алматы болды,
Табардай ғажап тірліктен пайда.



– Жамалы бөлек Алматым керім,
Жайнаған қалам бақ табар жерім.
Бойыма қуат сарқылмас күш бер,
Аянбай төгер еңбектің терін.

Уақыт сырғып күн тауып жалғас,
Еңбектің жолын бастады алғаш.
Трамвайтресінде жұмысшы болды,
Қиындық оны қажыта алмас.

Ұмытып күнді жасытқан жанын,
Сезінді бір сәт өмірдің сәнін.
Бақытын тауып еңбектен ұқты,
Тіршілік үшін шаршаудың мәнін.



Мән-жайы істің көкейге қонды,
Өмірден орнын тапқандай болды.
Қайраты мықты, ісіне адал,
Жігітке жұрттың көңілі толды.

Батса да талай тағдырдың тісі,
Сынбаған сағы, байыпты ісі.
Таныған адам пейілін көріп,
Сыйлайды «нақ ер»деп осы кісі.

Жиырма сегіз жаз бенен көктем,
Жиырма сегіз күз бен қыс өткен.
Нұрсұлтан жаны жайдары күндей,
Шуағын шашып мейірім төккен.

Маңдайы толы-ау бес елі сорға,
Тыныстап есін жиғанда зорға.
Фашистер елге салыпты бүлік,
Түспекші тағы қанқұйлы жолға.

Тағдыр ма жазған кімге айып тағар,
Майданға бармақ, жеткен соң хабар.
Ресейге қарай аттанды жасақ,
Сапында әскер Нұрсұлтан да бар.

Қараша айы жапырақ солған,
Жауынгер түгіл қара жер тоңған.
Әр тасы ыстық өз жерін аңсап,
Әндетті жолда, болмағай соңғы ән.



Құлаққа аттың дүбірі келген:
– Бабалар, қайран, найзамен жеңген.
Көз ілмей жүріп үстінде аттың,
Қауышқан аман туған ел, жермен.

Дүркіреп жауға бастаған қолын,
Бастырмай елдің оңын да солын.
Мен дағы өлсем, жер үшін өлем,
Лайықты жалғап бабалар жолын.

Тастүйін сертпен ұрысқа енді,
Тазартпақ жаудан кең байтақ жерді.
Бастады Клочков таңдаулы деген,
Жиырма сегіз жауынгер ерді.



Жаныңды қинап, қоздырар дертті,
Жау жақын деген хабар да жетті.
«Өлсек те қала өтпейді жауға»!
Ер сөзі сол деп берісті сертті.

Қан сасып дала басталды майдан,
Берілген бұйрық ап-анық айдан.
Бір қадам артқа шегінбеу керек,
Жау оғы құрғыр жауса да қайдан.

Фашистер алған жан-жақты торлап,
Жиырма сегіз бір-бірін қолдап.
Қиратып жаудың танкісін келген,
Жан қиып жатты Мәскеуді қорғап.



Елестеп өтті бір сәтке Ғайша,
«Өлермін», – деді басыма салса.
– Алдымен жауды жайратам сосын,
Көрермін жаным аман-сау қалса.

– Жеткізген елге қайғылы ғазал,
Жанымды алар сенбісің, ажал?!
Қарсы алам сені қасқайып тұрып,
Жақында бермен, кел жақын, Тажал!

Есіне алды елі мен жерін,
Атойлап жауға тарқатпақ шерін.
Етуге даяр жанын да құрбан,
Фашистен алмақ халқының кегін.



Аттанар шақта Алматы жақтан,
Топырақ алып тұмар ғып таққан.
Құмары қанбай иіскеді-ау кезде,
Айнала отқа оранып жатқан.

– Қаптаған құзғын жау қайдан білсін,
Қастерлі біздің жусанның иісін?!
Сасыған гранат ниеті қара,
Дұшпанды тауып оқ болып тисін.

– Қазағым, елім, ардағым үшін,
Үзілген үміт, арманым үшін! –
Дауыстап жауға лақтырды гранат,
Көрсетіп намыс, қайратын, күшін.



Үрейге келген билетпей бойды,
Қасқайып фашист танкісін жойды.
Беріспей жау да тоқтайтын емес,
Жан алу үшін бағыттап ойды.

Ыза-кек буып тас-түйін қатты,
Нысана көздеп Нұрсұлтан атты.
Жау оғы тиіп, жарақат алды,
Жылы қан жерге жылыстай ақты.

Әлсірей талып жұмғанда көзін,
Анасын көрді: – Келе ғой, қозым,
Басыңды, – дейді, тіземе қойшы,
Тым жаман азып, жүдепсің өзің.



Енді бір сәтте көрінді Ғайша,
Ішінде гүлдің көк шалғын майса.
Өзімен-өзі айналып билеп,
Қарайтын емес құшағын жайса.

Сол сәтте әке: – басыңды көтер,
– Тұр, балам, – дейді, жатқаның жетер.
Танкісін жаудың райынан қайтар,
Түрі бар таптап, қалаға өтер.

Тарсыл да гүрсіл ажалды сарын,
Төніп тұр өлім кім тыңдар зарын?
Нұрсұлтан тұрды бар күшін жиып,
Құлағы біткен, көз алды жалын.



– Қош, туған жерім, асқар шың таулар,
Қарасу, Ақсу мәуелі баулар.
Орала алмай арманда барам,
Алқымнан алған жалмауыз жау бар.

Оранған отқа туы мен тұғыр,
Күңіреніп жатыр аспан жер жұмыр.
Тойтарыс беріп үлгерді жауға,
Үзіді сосын жапырақ-ғұмыр.

Шырқырай ұшып шыбын жан кетті,
Ажалы солай ерлікпен жетті.
Өткізбей жаудың танкісін жойып,
Өлімді күшты орындап сертті.

Бүр жарып көктем, жаз жайнап толған
Қараша күзде қалтырап тоңған.
Дүние-ай, әттең, жапырақ – ғұмыр,
Мезгілі жетпей, үзіліп, солған.

Әкетті соғыс шуақты жалмай,
Тоналған бәрі жапырақ қалмай.
Егіліп жатыр сүреңсіз талдар,
Қалтырайды орман қайғыра зарлай.

Қусаң да байлап беліңді бекем,
Жеткізбес жалған қу дүние екен.
Орыстың жалпақ даласы болды,
Нартұлға ерге мәңгілік мекен.



Сұм ажал соғыс құрбаны болған,
Бауырлас ерге соғылды қорған.
Желектей жасыл үзіліп түскен,
Ерлерді мәңгі ұмытпас орман.

Ерлікті ерен ұмытпас халқы,
Жыл өткен сайын асқақтар даңқы.
Бағыштар құран есіне алып,
Сүйікті елі сақтаған салтын.

Жер бетін жуды талай ақ жауын,
Талай жыл өтті, соқты сан дауыл.
Батырдың аты өшпейді мәңгі,
Атында бұл күн мектеп пен ауыл.

«Өлсем де туған жер үшін өлем», -
Деп өткен ерге бас иіп келем.
Перзенттік парыз өтеуі болар,
Сөзбенен соққан ескерткіш – өлең.



ЕР ЕСІМІ – МӘҢГІЛІК

Әнін жазған: Жанар Қожағазина

Аманаты кешегі бабалардың,
Туған жерден артық жер таба алар кім?
Ерлік жолын жалғады Нұрсұлтан да,
Бақыты үшін бүгінгі балалардың.

Қайырмасы:

*Атар талай таң күліп,
Ел есінде жаңғырып.
Ер Нұрсұлтан есімі,
Сақталады мәңгілік.*

Сұм соғысты, азапты, қасіретті,
От-жалынды белінен басып өтті.
Қан майданда батырға жігер берген,
Топырағы-ау ауылдың қасиетті.

Жауды жеңіп от пен оқ арасында,
Жанын қиған майданның даласында.
Ер Нұрсұлтан есімін асқақтатып,
Ауыл отыр Ақсудың жағасында.



ЕРЛІК ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Сын сағатта ысырып бар арманын,
Бастан кешіп қанды майдан зардабын.
Нұрсұлтандай батырларым аянбай,
Жеңіс үшін құрбан еткен жандарын.

Тажал соғыс қиратты көп қаланы,
Өрт шарпыды ұлан-ғайыр даланы.
Қаза болды Нұрсұлтан да, сұм соғыс
Баласынан айырды сан ананы.

Келер ұрпақ білмесін деп қайғы әнді,
Бір жолата тұншықтырды майданды.
Арда туған Нұрсұлтандай ерлерім,
Батырлықтың үлгісіне айналды.

Есімдері ұмытылмас мәңгілік,
Ерліктерін шырқар ұрпақ ән қылып.
Нұрсұлтандай батырлардың арқасы,
Әр күн сайын атса құба таң күліп.



БАТЫР ЕСКЕРТКІШІНЕ

*(1993 жылдың күзінде ауылымызда
Кеңес Одағының батыры Нұрсұлтан
Есеболатовтың 80 жылдығына орай
ескерткіш қойылды. Сол кезде аудандық
«Ақсу өңірі» газетіне шыққан өлең)*

Өршеленген кезде соғыс қанқұйлы,
Жиырма сегіз батыр бірге жан қиды.
Опат болды жерлесіміз – есіл ер,
Ұмытпайды сақтап мәңгі есінде ел.


Есімінде ауылы мен мектебі,
Ескерткішін тұрғызыпты текті елі.
Батырына жасап елі құрметін,
Орындады алдындағы міндетін.

Бейбіт өмір сыйлап кеткен халқына,
Батырларым, бақ жұлдыз боп жарқыра.
Емес пе бұл бір белгісі елдіктің,
Құтты болсын ескерткіші Ерліктің!





Мектептегі Ерлік бұрышы



Мектептегі Батыр бюсті

Суреттер – деректер



**Ресей, Нелидово деревнясындағы
28 панфиловшы батырларға қойылған
бауырластар зираты**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
АҚСУ АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
«НҰРСҰЛТАН ЕСЕБОЛАТОВ АТЫНДАҒЫ
ОРТА МЕКТЕБІ, МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ШАҒЫН
ОРТАЛЫҒЫМЕН» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНЕ
ГЭС БАСТАУЫШ МЕКТЕБІН ҚОСҚАНДА

ҒЫЛЫМИ, ӘДЭБИ, АРХИВТІК ҚОСЫМШАЛАР



ПОЭМАҒА ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІК

Хақтан – Құдайдың негізгі мәні Хақ деп біледі және көркем есімдерінің бірі “Хақиқат” деп таниды

Шақалақ – жаңа туған нәресте, сәби.

Суға кетпесін салың – үмітің үзілмесін, көңілің қалмасын

Қуақы – әжуа, мысқыл, шымшыма әңгімелерді жанынан шығарып айта-тын күлдіргі өнерпаз.

Шіліңгір – ми қайнатар ыстық

Тасаттық – көпшілік қауым болып жиналып, құрбандық шалып, сауабын аруақтарға бағыштап, құран оқылып, құдайдан жаңбыр жаууын тілеп ниет қылатын рәсім

Үйездеу – күннің ыстық кезінде қойдың жатып қалуы немесе тұмсығын бір бірінің көлеңкесіне жасырып, топтанып тұруы

Нәубет – Негізгі мағынасы – «апат», «кесапат», «ауыртпалық» және «қиыншылық»

Нақақтан – бекерден-бекер, жазықсыздан-жазықсыз

Заһар – араб сөзі, уын шашу

Жаны сірі – асқан қиындыққа өте төзімді

Жамалы – беті, жүзі, көркі

Сынбасын сағың - тауың шағылмасын, бетің қайтпасын

Ғазал – араб сөзі, негізінен кемі үш, көбі 12 бәйіттен түзілетін бірыңғай ұйқасы бар өлең

Атойлап – ұрандап, айқайлап жауға шабуыл жасау

Тас-түйін – ерік-жігерін жинау



**Ақын Гүлнәр Демеуованың
«Жапырақ-ғұмыр» поэмасына
ПІКІР**

Ақын Гүлнәр Демеуованың «Жапырақ-ғұмыр» поэмасы – Кеңес Одағының Батыры, 28 панфиловшы-гвардияшылардың бірі Нұрсұлтан Есеболатовқа арналған ескерткіш-өлең. Поэмада батырдың тал бесіктен жер бесікке дейінгі өмірі нанымды оқиғалармен шынайы суреттеліп, көркем жеткізілген. 1932 жылдағы ашаршылықтың, 1941-1945 жылдардағы қанды майданның қайғы-қасіретінің жалыны Нұрсұлтан отбасынан айналып өтпеген. Өлеңді оқи отырып, қатал тағдарының ісі Нұрсұлтанды жастайынан төзімділікке үйреткендігін аңғарамыз. Батыр бойындағы асқақ отаншылдық рух оның майданға аттанып бара жатқан жолда қазақтың ұлан-ғайыр даласын ата-бабалардың ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғағандығын еске алуымен сәтті суреттелген. Сол жолда Нұрсұлтанның «Мен де ата-бабаларым сияқты қасық қаным қалғанша елімді, жерімді қорғаймын» деуі өскелең ұрпақты елін, жерін сүйеге, оны көзінің қарашығындай қорғауға үндейді емес пе?! Ақтық шайқаста жау танкілерінің қалайда Мәскеуге кіруі үшін жанталасып шабуылды

үдете түсуі, 28 ердің жанқиярлық ерлігі жауды алға бастырмай асқан ерлікпен жаңдарын қиғаны көз алдымызға елестеп, еріксіз көзге жас үйіреді.


Тума дарынына терең білігі қабысып ақын әрбір ойын өлеңмен шебер өрнектей білген. Поэма мазмұнының толымдылығымен, құрылымының мінсіздігімен үлкен дайындықпен жазылғандығын көрсетеді.

Жұматай ӘМІРҰЛЫ,
облыстық «Жетісу» газеті
Бас редакторының орынбасары, ақын,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі
05.01.2023 жыл





(1913-1941)



БАТЫРДЫҢ ӨМІРБАЯНЫ

Кеңес Одағының батыры Есеболатов Нұрсұлтан (Нарсұтбай) 1913 жылы Алматы облысы, Ақсу ауданы, Октябрь колхозына (кейіннен Діңгек совхозы, қазіргі Есеболатов ауылы) қарасты Қызылқайың ауылында дүниеге келген.

Ата-тегі: Найман – Төлегатай – Матай – Аталық – Сүттіболат – Емелелі¹. Нұрсұлтан әкесі Есеболат пен анасы Мәліңдінің бесінші баласы болды. Әкесі Нұрсұлтанның 5 жасында қайтыс болады, көп ұзамай анасы да өмірден өтеді. Бес бала әжелері Қырмызының қолында қалады². Қарасуда оқып, бастауыш білім алған. Ары қарай оқуға жағдайы келмегендіктен, ауылда мал бағып үлкен ағасы Бекбатыр мен жеңгесіне көмектесіп жүреді.

Өмірін жаңаша бағытқа бұру мақсатында жұмыс іздеп Алматыға аттанады. 1938-1941 жылдар арасында Алматыдағы трамвай тресінде жұмыс істейді. 1941 жылдың маусымында Қызыл әскер қатарына шақырылып, Алматыда құрылған 316-атқыштар дивизиясына қабылданады. 1075-полкінің 4-ротасының 2-взводының атқышы жауынгер Есеболатов 1941 жылдың 16 қарашасында саяси жетекші Василий Ключков басқарған танк жойғыштар тобының құрамында Москва облысы, Волоколамск



ауданы, Дубосеково жол айырығында жаудың бірнеше шабуылына тойтарыс береді. Ол – бір ғана ұрыста 18 жау танкісін жойып жіберген әйгілі 28 жауынгердің бірі. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен неміс басқыншыларымен болған шайқаста жауынгерлік тапсырмаларды үздік орындап, көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін 1942 жылы 21 шілдеде қызыл әскер Нұрсұлтан Есеболатовқа қайтыс болғаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы беріліп, Ленин орденімен марапатталды.

Нұрсұлтан Есеболатов Москва түбіндегі Нелидово деревнясындағы бауырластар зиратында жерленген.

¹ Ғабит Тұрсынбай. Бір Діңгектің бұтақтары. Алматы, «Атамекен» баспасы, 2022. 3 – бет

² Тілеухан Есеболатов. Жиырма сегіздің бірі. Алматы, «Әдебиет әлемі» баспасы, 2014. 59 – бет



Нұрсұлтан Есеболатов туралы шығарылған еңбектер

1. Қазақстан журналистикасының майталманы Нұртілеу Иманғалиұлы 2 курста күндізгі бөлімде оқи жүріп, Қазақ теледидарының жастар редакциясында жұмысқа араласты. Оның атын елге дүр еткізіп танытқан алғашқы дүниесі «Жадында ма, жолдас?» атты хабары болатын. Онда жас журналист өзі туып-өскен ауылдан шыққан 28 панфиловшылардың бірі, батыр Нұрсұлтан (Нарсұтбай) Есеболатов туралы тұщымды телехабар жасады. Дереккөзі: <https://bilimainasy.kz/21-20-02-04/>

2. Нұрпейіс Байғаниннің 28 панфиловшы батырлардың бірі – Нарсұтбай Есеболатовтың ерлігін суреттейтін «Ер туралы жыр» поэмасы 1942 жылы шығарылған. Ақынның 1945, 1950, 1956, 1974, 1988, 1991, 2011 жылдардағы басылымдарында жарияланған. Дереккөзі: Н. Байғанин шығармалар жинағы, Алматы, «Қазығұрт» баспасы, 2011.

3. Қаламгер Тілеухан Есеболатовтың Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен ағасы, Кеңес Одағының Батыры Нұрсұлтан Есеболатов жайлы естелік-кітабы. 2014 жылы Алматы облысы әкімінің қолдауымен жарық көрген. Дереккөзі: Тілеухан Есеболатов. Жиырма сегіздің бірі, Алматы, «Әдебиет әлемі» баспасы, 2014.



БАТЫР РУХЫНА ТАҒЗЫМ (Естелік)

1990 жылы Ұлы Жеңістің 45-жылдығына орай, «Әкелер даңқы жолымен» атты бүкілодақтық экспедиция ұйымдастырылды.

Қазақстаннан баратын делегация құрамында І.Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институтынан төрт студент жастар аттандық.

Ауылдан арнайы топырақ ала шықтым. Ойым Нұрсұлтан Есеболатов әкеміздің басына барып, тағзым ету. Біздің маршрутта Нелидова деревнясы жоқ болып шықты. Москва төңірегінде шайқас болған өзге өңірлер, Одақтың астанасындағы экскурсия, бәрі қызық. Түстен кейін бос уақытты пайдаланып, жанымдағы жерлестерімді ертіп, Нелидоваға да келдік. Бауырластар зираты бірден көзге түсті. Адам жоқ, мүлгіген тыныштық. Алып келген туған жердің топырағын салып, батырлар рухымен сырласып тұрмыз. Совет үкіметінің атеистік тәрбиесімен өскен жастармыз, ол кезде құран аяттарын да білмейміз. Бір кезде қасымдағы досым Серікболға қарап, «Секе, бір жақсылап тұрып қазақтың әнін айтшы» дедім. Мұндайды күтпеген Серікбол қапелімде не айтарын білмей, зират басында өлең айтылушы ма еді деп, күмілжіді. «Айт, Секе, саспа, құран білмейміз, жат жер, тым болмаса ана тіліндегі әнді естіп, батыр әкеміздің рухы



шаттанар» дедім. Серікбол да осыдан кейін көп тосылмай, ерекше толғаныспен, әуелете шырқап қоя берді. Әнді дәл осылай әдемі айтқанын көрген жоқ шығармыз, ұйып тыңдап қалыппыз. Ән аяқталғанда байқадық, жергілікті тұрғындар, музей қызметкерлері де жиналып, үнсіз тыңдап тұрған екен. Бізді музей ішіне экскурсияға шақырды.

Музей директоры орта жастағы, инабатты әйел адам екен, сөз арасында осында қазақтың бірде-бір ұлттық бұйымы жоқ екенін өзі кінәлі адамдай, қысыла жеткізді. Қырғыз ұлтының және басқа да естелікке тапсырылған жәдігерлерді көрсетті. Мұндай боларын күтпеген біздер де тосырқап, әуелгіде ыңғайсыздау күйге түстік. Соғыстан кейінгі 45 жылда расында, қазақ елінің бірде-бір ұлттық бұйымы болмағаны үшін ұялдық. Көп ойланбастан, әдемі «қошқар мүйіз» өрнекті «Жетісу» ұлт-аспаптары ансамбліне арнайы тіккізген Серікбол киіп келген қалпағы бар еді, соны естелікке тапсыруды ұйғардық.

Музейдің естеліктер кітабына қолтаңбамызды қалдырып, ол жақтың жәдігерін Н.Есеболатов атындағы өзіміздің мектептің музейіне әкеліп тапсырдым.

2013 жылы Н.Есеболатов ауылдық округі аумағында батырдың жүз жылдығын атап өтуге көмек қажеттігін айтып, ауыл әкімі, марқұм Жанболат Төлепбергенов хабарласты. Дерееу інілерім Мұхит Тұрсынбайұлы



мен Жеңіс Хамитұлымен ақылдасып, жоспарын жасадық. Мен облыстық халық шығармашылығы орталығының көшпелі сахнасын, дыбыс күшейткіш аппаратурасын, артистерді алып баруға рұқсат алуды қолға алдым. Жеңіс көлікпен жеткізу, жанармай құю, жұмысшылар мен жүргізушінің жатын орны мен тамақтандыру мәселесімен айналысты. Мұхит ұлттық ат спорты түрлерінен өткізілетін жарыстарды толықтай қамтамасыз етті. Ауылда Мейір Биғалиұлы қазақ үй тігіп ас берді. Сөйтіп, бесеуіміз бес саусақтай жұмылып, батырдың 100-жылдық тойын жоғары деңгейде өткіздік.

Ғабит ТҰРСЫНБАЙ,
мемлекеттік қызметші, ақын, Ақсу ауданының Құрметті азаматы, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Құрметті профессоры, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері
Дереккөзі: «Бір Діңгектің бұтақтары».
Алматы, «Атамекен» баспасы, 2022. 5-6 бет

**Кеңестер Одағының батыры
Нұрсұлтан Есеболатовтың
МОНОЛОГЫ:**

Мәңгілік туған жерден алыс қалдым,
Оралмадым майданнан, кешіріңіз.
Дұшпанмен Отан үшін алысқанмын,
Бар ма екен есіңізде есіміміз?

Естелік ащы болса қалдырғаным,
Кінәлі емес едім бұл соғысқа.
Сүрсін деп бақытты өмір, балдырғаным,
Тайсалып шегінбедім еш ұрыста.

Тажалдай келген төніп жау танкісі
Көмілді от пен оққа біздің атқан.
Қазақтың сарбазының ар-намысы
Дұшпанды нақ тозақтай өртеп жатқан.

Жеңіске жетемін деп арындадым,
Дұшпанға ел мен жұртым бағынбасын!
Мен үшін мұңаймандар бауырларым,
Төкпесін көздің жасын қарындасым.

Қорқаудай таң алдында ойрандаған
Қаскөйге көкіректе қайнады кек.
Аттандық, аман болсын қайран далам,
Жеңісті ұрпақтарым тойласын деп.

Ғабит ТҰРСЫНБАЙ



ЕСІМДЕРІ ЕЛ ЕСІНДЕ

Мен туған ауыл бүгінгі күнде Кеңес Одағының батыры, 28 панфиловшылардың бірі Нұрсұлтан Есеболатовтың атымен аталады. Біздің ауылды батырлар ауылы деп айтар едім, батыр туған топырақта туғанымды мақтан етемін. Асқан ерлікпен қан майданда қаза тапқан Нұрсұлтан атамның есімін ауызымызға алғанда ойыма үнемі өзімнің атам Маманбаев Нұрсейіт келеді. Екеуінің де тағдырлары сұм соғыспен байланысады. Екеуіне де майданнан елге аман-есен оралу бұйырмапты. Менің атам Маманбаев Нұрсейіт 1905 жылы сол кезде Октябрь колхозы аталған ауылымызда өмірге келген. 1936 жылы апам Аралбаева Жамбымен отау құрады. Жамбы апамның айтуынша, Нұрсейіт атамның әкесі Маманбай темір ұстасы болған екен. Әкесіне ұқсап Нұрсейіт ата темірге жақын болғандықтан колхозда алғашқылардың бірі болып тракторға отырған. Атам 1941 жылы майданға аттанады. Соғыста жараланып госпитальда емделіп денсаулығына байланысты жарамсыз деп шешім шығарғаннан кейін елге оралады. Колхоз еңбегіне араласып тракторға қайта отырып майдан үшін аянбай еңбек етеді. 1944 жылы денсаулығының жарамсыздығына қарамастан сұранып жүріп қайтадан майданға аттанады. Атам Маманбаев Нұрсейіт 125-атқыштар

дивизиясы құрамына алынып, 1944 жылы желтоқсан айында ұрыс майданында қаза болады. Колхоз басшылары апама майданнан қаралы қағаз келгенін естіртеді.

Ұлы Жеңістің 50 жылдығына орай республика бойынша соғыста қаза тапқандардың аты-жөндері жазылған «Боздақтар» атты кітап жарыққа шықты. Осы кітапта даңқты жерлесіміз Нұрсұлтан Есеболтов бар, сондай-ақ менің атам Маманбаев Нұрсейітте жазылған. Атамыз Маманбаев Нұрсейіт 1944 жылы 28 желтоқсан күні қаза болып, Венгрияның Шаг-Уйфола селосында жерленгені жазылған екен. Өкініштісі, әкеміз Биғали өз әкесінің басына барып, туған жердің бір уыс топырағын сала алмай өмірден өтіп кетті. Атамыздың алғашқы немересі, алдымыздағы ағамыз Мейір бүгінгі күні атамыздың атын жалғастыру мақсатында тегін Нұрсейітов етіп ауыстырған. «Ер есімі – ел есінде» деп тегін айтылмаған. Аталарымыздың есімдерін ұлықтап, әркез үлгі етіп отыру біздің бұлжымас міндетіміз болуы тиіс. Биылғы 2023 жылы Нұрсұлтан Есеболатов атамыздың туғанына 110 жыл толмақ. Осы мерейлі жылға тамшыдай болса да үлес қосып, артымыздан ерген балаларымыздың санасына батырлар есімін өшпестей етіп орнықтырсақ, бір мақсатымыздың орындалғаны деп ойлаймын.

Жантас Биғалиұлы МАМАНБАЕВ,
кәсіпкер, кәсіпкерлер арасындағы
«Қазақстан Республикасының
Құрметті азаматы» атағының иегері



ҚЫЗЫЛҚАЙЫҢНЫҢ ЕР ҰЛЫ

Мейірімі мыңдарды жұбататын,
Қаһары тас қамалды құлататын.
Қорлық пенен зорлыққа қарсы тұрып,
Адалдық пен ерлікті ұнататын.

Жолбарысқа теңеген Қуат ақын,
Мақтанышпен ерлігін еске алып.
Жатыр елі ер аға, бір атасын,
Білмейтін жамандыққа көндігуді.

Қиын күнде қорғаған бергі күнді,
Атыңнан айналайын батыр ата.
Ел-жұртың ұмытпайды ерлігіңді,
Сөнбейтін батырлардың оты жалын.

Бүгінгі, ертеңгіге осы мәлім,
Тудырған батырларды, асылдарды.
Ауылым алтын сенің топырағың,
Қиындыққа түспеген жұртың тағы.

Бейбіт күнде береке кірсін сәні,
Мәскеуді жаудан аман алып қалған.
Қызылқайың – Дінгектің батыр ұлы,
Ер қазақ – он бес ұлттың Нұрсұлтаны.

Ербол СЫМХАНОВ,
*«Ақсу өңірі» аудандық
газетінің тілшісі*

**Дiңгек совхозынан, қазiргi
Нұрсұлтан Есеболатов ауылынан
Ұлы Отан соғысына аттанып,
соғыста қаза болғандардың тiзiмi**

1. Есеболатов Нұрсұлтан
2. Аманбаев Рысбек
3. Аманжолов Ы.
4. Аралбаев Бұғытай
5. Асылбеков Баяхмет
6. Ақтекенов
7. Абилов К.
8. Ашимов Б.
9. Баскин Андрей
10. Байтасов Биғазы
11. Байғонысов К.
12. Бегазимов Е.
13. Балабеков Есболат
14. Балабеков Баяхмет
15. Базарбеков Есетбек
16. Базарбеков Қайни
17. Байболов Қаймолда
18. Безбородов Иван
19. Бейсекенов Р.
20. Бекбосынов Т.
21. Даутов Б.
22. Дүйсебаев Бекмұрат
23. Досмагулов К.
24. Еңсебеков Мырзағұл
25. Егеубаев Тыныштықәли
26. Егеубаев Несіпқали



27. Егинбаев Т.
28. Ерайымов Шаяхмет
29. Жаңабатыров Әбілмәжін
30. Жақыпбеков Ғ.
31. Жолдыбаев Омарбай
32. Жолжақсынов Тойжігіт
33. Жанпейісов Тайшыбек
34. Ибраев Б.
35. Искаков Құдайберген
36. Искаков Тәңірберген
37. Искаков Сейдахмет
38. Иктымбаев Р.
39. Каранбаев М.
40. Карипбаев Б.
41. Касенов И.
42. Курманғалиев М.
43. Кенжебеков А
44. Қорғанбаев Асейбек
45. Кокишев А.
46. Косетов А.
47. Қамарханов Н.
48. Маманбаев Нұрсейіт
49. Мангереев Іскендір
50. Мұсабаев Ш.
51. Мусалиев Т.
52. Нурманов К.
53. Нугманов Қожахан
54. Нугманов Қожабек
55. Назаров Б.
56. Орысбаев Әлімбек
57. Умиржанов А.

58. Разбеков Дәулетбек
59. Райымов Ақтай
60. Рысбеков Нұрбек
61. Салкеев Мұқат
62. Семсербаев С.
63. Семсербаев К.
64. Семсербаев Райыс
65. Сүлейменов Бимолда
66. Тлеулинов Т.
67. Толасбаев Н.
68. Тұрғанбаев Ануарбек
69. Умирханов А.
70. Шеңгелбаев Баймұхамет
71. Шенгелбаев Мәніқожа
72. Шарипов Е.
73. Ысқақов Кәрішал
74. Ысқақов Қалимолда



**Дiңгек совхозынан, қазiргi
Нұрсұлтан Есеболатов ауылынан
Ұлы Отан соғысына аттанып,
соғыстан елге аман оралған
майдангерлер тiзiмi**

1. Алыбаев Қызайбек
2. Әбимолдаұлы Айтмолда
3. Байболов Қайролда
4. Балғабаев Бабағали
5. Балагереев Бимолда
6. Баянбеков Айт
7. Бегетанов Қалқа
8. Бекмолдин Қабдолда
9. Бұхарбаев Беркiмбай
10. Бұхарбаев Арыстамбек
11. Борисеевич Геннадий
12. Волков Михайл
13. Дәркембаев Әубәкiр
14. Демеуов Тұрсынбай
15. Ерғалиев Байқыдыр
16. Ержұманов Есейбек
17. Есмолданов Аманжол
18. Есмолданов Аққожа
19. Жарқымбеков Бияхмет
20. Жарболов Нұрахмет
21. Жабықбаев Оразгелдi
22. Жабықбаев Оразбай
23. Жаңабатыров Малгеждар
24. Жолдыбаев Жексенбек
25. Жылқышинов Асқарбай

26. Зыков Михайл
27. Исмаилов Баймұхамет
28. Кәріпбаев Ешмұхамбет
29. Костенко Федор
30. Костенко Антонина
31. Круценко Иван
32. Қазбанбетов Найманхан
33. Мұсабаланов Ахметқожа
34. Орақов Төлеген
35. Оразалинов Есбол
36. Оспанов Қошпай
37. Разбеков Мұратбек
38. Рахимов Рүстембек
39. Рахметов Мұратбек
40. Сауғанбаев Әзентай
41. Солтанбеков Жабықбай
42. Сүлейменов Жұмағұл
43. Сырымбетов Бекмолда
44. Төлеуқұлов Төлеген
45. Тазабеков Балабек
46. Тұрсабаев Нұрахмет
47. Шалғымбеков Сағымбай
48. Шалғымбаев Құсайын
49. Шарипов Исатай
50. Ысқақов Стамшал
51. Балханов Базаралы
52. Досмағұлов Сазанбай
53. Көкішев Әбсалаң
54. Нысанбеков Нұрахмет
55. Смағұлов Уәлибек



МАЗМҰНЫ

Алғысөз.....	3
Жапырақ-ғұмыр (поэма).....	11
Ер есімі – мәңгілік (ән).....	38
Ерлік ұмытылмайды.....	39
Батыр ескерткішіне.....	40
Ғылыми, әдеби, архивтік қосымшалар	
Поэмаға түсіндірме сөздік.....	42
Жапырақ-ғұмыр поэмасына пікір.....	43
Батырдың суреті мен өмірбаяны.....	45
Нұрсұлтан Есеболатов туралы шығарылған еңбектер.....	48
Батыр рухына тағзым (Ғ.Тұрсынбайдың естелігі).....	49
Кеңестер Одағының батыры Нұрсұлтан Есеболатовтың монологаы (Ғ.Тұрсынбайдың өлеңі).....	52
Есімдері ел есінде (Ж.Маманбаевтың естелігі)	53
Қызылқайыңның ер ұлы (Е.Сымхановтың өлеңі).....	55
Діңгек совхозынан, қазіргі Нұрсұлтан Есеболатов ауылынан Ұлы Отан соғысына аттанып, соғыста қаза болғандардың тізімі....	56
Діңгек совхозынан, қазіргі Нұрсұлтан Есеболатов ауылынан Ұлы Отан соғысына аттанып, соғыстан елге аман оралған май- дангерлер тізімі.....	59

Гүлнәр
ДЕМЕУОВА



ЖАПЫРАҚ - ҒҰМЫР

*Поэма, өлеңдер,
қосымшалар*

Компьютерде теріп баспаға дайындаған
Махмет Айбүбі Қанатбекқызы

Редакторы Талғат АЙТБАЙҰЛЫ
Көркемдеуші редактор Күлбайраш Молдабаева
Компьютерде беттеген Жанар ТАЛҒАТҚЫЗЫ

Басуға 28.01.2023 жылы жіберілді.
Қаріп түрі Times New Roman. Пішімі 84x108 ¹/₃₂.
Шартты б.т. 4. Таралымы 200 дана.

Кітап «Тоғанай Т» баспасының
баспаханасында басылып шықты.
Мекенжайы: Алматы қаласы, Райымбек батыр, 496 а/7.
Тел.: 8 (727) 233 62 23. E-mail: ToganayT@mail.ru